

**Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Білім беруді дамыту»  
орталығы, Атырау облысы білім басқармасы әдістемелік орталығы,  
Маңғыстау облысы білім басқармасының «Білім берудің оқу-әдістемелік»  
орталығы және Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы  
арасындағы ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ  
КӨПЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМ**

2021 жылғы «09» желтоқсан

Ақтөбе қаласы

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын «Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы» МКҚК директоры Жаманбаева Дина Узакбаевна, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Білім беруді дамыту» орталығы КММ директоры Кубашева Гульмира Камаловна, «Атырау облысы білім басқармасы әдістемелік орталығы» МКҚК директоры Баймашева Данагүл Қонысқызы және Маңғыстау облысы білім басқармасының «Білім берудің оқу-әдістемелік» орталығы КММ директоры Тұрланова Зейнет Тұрланқызы ҚР «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында индустриялық-инновациялық дамытудың басым бағыттарын және экономикасының білікті инженерлік-техникалық кадрларға қажеттілігін қамтамасыз етуге мүдделілікті, әріптестік және серіктестік қарым-қатынастарды іске асыру мақсатында ынтымақтастық туралы көпжақты Меморандумды жасасты.

## **1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ**

1.1. Меморандум - Тараптардың жарғылары негізінде және қазіргі мүмкіндіктер шеңберінде-даярлау жүйесін жетілдіру, оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, оқу, тәрбие және ғылыми-зерттеу қызметінде жаңа технологиялар мен озық тәжірибені беру саласында ынтымақтастық жүргізеді және озық іс-тәжірибелерімен облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде бөлісу мақсатында ынтымақтастық қарым-қатынас жасайды.

1.2. Осы Меморандумда көрсетілген шараларды орындау үшін Тараптар өзара іс-қимыл жоспарын құрып, бекітеді.

1.3. Осы Меморандумды жүзеге асыру барысында Тараптар заңдылық қағидаты негізінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында әрекет етеді.

1.4. Тараптармен ұйымдастырылатын іс-шаралар өзара келісім бойынша өткізіледі.

## **2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

2.1. Осы меморандум шеңберіндегі бірлескен ынтымақтастық мынадай бағыттарда жүзеге асырылатын болады (офлайн/онлайн):

- Өзара қызығушылық тудыратын ғылыми зерттеулер саласында, сондай-ақ проблемалық зертханалар мен тірек алаңдарын, құзыреттер орталықтарын дамыту саласында ынтымақтастықты жүзеге асыру;

- Оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру курстарын өткізуге өзара көмек көрсету, оқытудың озық әдістерін дамыту тәжірибесімен алмасу, мәдени және тілдік бағдарламалармен алмасу, бірлескен білім беру және ғылыми жобалар мен бағдарламалар өткізу;
- Бірлескен жобалар шеңберінде әдістемелік жинақтар мен оқу құралдарын шығару;
- Білім беру саласын дамытуда өзара әдістемелік көмек көрсету, өзекті мәселелерді анықтау және талқылау мақсатында бірлескен іс-шараларды өткізу;
- педагогтердің озық педагогикалық тәжірибесін жариялау мақсатында халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кәсіби шеберлік байқаулар өткізу;
- кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру;

2.2. Егер осы Меморандум бойынша қарастырылған шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде үшінші тараптарды тартуға тура келсе, Тараптар оларды өзара келісе отырып тартуға құқылы.

2.3. Осы Меморандум шеңберінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және тең құқықтық, ашықтық және парасаттылық қағидаттарында өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

2.4. Тараптар туындайтын мәселелерді қарау және бірлескен іс-қимылдар жүргізу үшін келіссөздер жолымен осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды.

2.5. Осы Меморандумның ережелерін жүзеге асыру кезінде тараптар бір-біріне берілетін ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, олар алған ақпаратты жария етпеуге және үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

3.1. Меморандумды іске асыру барысында Тараптар ешкімнің құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетіндей әрекет етпеуіне кепілдік береді.

3.2. Кез-келген құқықбұзушылық әрекеттері үшін тараптар үшінші тарап алдында өзі жауап береді.

3.3. Әрбір тараптың жеке міндеттемелері үшін екінші тарап жауап бермейді.

### **4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1. Осы Меморандумға кез-келген өзгерістер мен толықтырулар тек жазбаша түрде жасалып, тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойылған күннен бастап заңды күшіне енеді.


4.2. Қол қойылған меморандум Тараптар оның әрекет етуін тоқтату туралы бір-біріне хабар бергенге дейін заңды күшін сақтайды.


4.3. Осы Меморандум мемлекеттік тілде төрт данада жасалды.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ МЕН МӨРЛЕРІ

Ақтөбе облыстық ғылыми-  
тәжірибелік орталығы МКҚК

Батыс Қазақстан облысы білім  
басқармасының «Білім беруді  
дамыту» орталығы КММ

Директор  Д.У.Жаманбаева

Директор  Г.К.Кубашева

Атырау облысы білім басқармасы  
әдістемелік орталығы МКҚК

Маңғыстау облысы білім  
басқармасының «Білім берудің  
оқу-әдістемелік» орталығы КММ

Директор  Д.К.Баймашева

Директор  З.Т.Тұрланова